

БАНКТЕРДЕГІ ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

пәні бойынша

ГЛОССАРИЙ

Аккредитив – сатып алушының сатушыға беретін тапсырысы, банктің шартты ақша міндеттемесі.

Валюталық операция – бір валютаны басқа бір шетел валютасына айырбастау немесе сату және сатып алу.

Вексель-сатылған тауардың төлем мерзімін ұзарту түріндегі сатып алушының сатушыға тауар формасында ұсынатын коммерциялық несиені рәсімдейтін құрал болып табылады.

Аваль - вексель бойынша кепілдік. Аваль беруші банк (авальшы) вексель беруші (егер жай вексель болса) немесе акцептант (егер аудармалы вексель болса) тарапынан төлем төленбеген жағдайда оны төлеу жауапкершілігін өзіне алады. Төлем мерзімі келгенде банк акцепттенген вексель төленуі үшін тікелей банкке жіберіледі, ал авальданған вексель *төленуі* үшін алдымен вексель берушіге немесе акцептантқа ұсынылуға тиіс, олар төлем төлемеген жағдайда ғана вексель иесі аваль беруші банкке талап қояды. Аваль акцептке қарағанда едәуір сиректеу қолданылады.

Аванс - материалдық игілік, атқарылған жұмыс және көрсетілген қызмет үшін алдағы төленетін төлем есебінен берілетін ақша сомасы.

Аванстау - өндіріске жұмсалған ақша қаражатының қосымша өнім құны түрінде өзінің бастапқы нүктесіне өсіммен қайтып оралатын экономикалық процесс.

Авизо - өнімнің жөнелтілгені және ақша аударылғаны туралы немесе шарт бойынша белгілі бір міндеттемелер алған кәсіпорындар арасындағы өзара есеп айырысуда болған өзгерістер туралы алушыны хабардар ететін банк. жүйесінде қолданылатын хат

Авуарлар - кең ұғымда түсінгенде - түрлі активтер (ақша қаражаттары, чектер, вексельдер, аударылған ақша) есебінен осы актив иелерінің түрлі төлемдерін төлеуі мен міндеттемелерін орындауы; ал тар ұғымда - банктің шетел банкеріндегі есепшотындағы шетел валютасымен есептелетін қаражаты (оның кассасы, басқа банкердегі есепшоты, оңай таратылған бағалы қағаздар, вексельдер және т.с.с.)

Агент - басқа біреудің (мүлік иесінің) атынан іс-әрекет жасайтын және соған есеп беретін заңды немесе жеке тұлға. Агент болып брокерлер, дилерлер, жеке өкілдер, адвокаттар есептеледі. Агент өз іс-әрекетін мүлік иесінің рұқсатымен агенттік келісім бойынша сыйақы алып жүзеге асырады.

Агенттік сыйақы - тауарды немесе бағалы қағазды өткізуді кеңейту мақсатында оларды жарнамалау мен сату жөніндегі делдалдық қызмет ақысы.

«Агрессивтік портфель» - болжау бойынша құны көтерілетін бағалы қағаздардың белсенді түрде сатып алынатын (сатылатын) портфелі.

Ажио - бағалы қағаздардың нарықтық бағамның (курсының) номиналынан өсу жағына ауытқуы. Ол номинал бағасына бөлініп, процентпен анықталады. Ажиоға қарсы, бағамның төмендеуін дизажио деп атайды.

Ажиотаж - бағалы қағаздарға, тауарларға бағаны қолдан арттыру үшін биржада, нарықта жүргізілген алыпсатарлық әрекеттер.

Аккредитив - 1) есеп айырысу тәсілдерінің бірі, ол бойынша несиеберуші өзіне тиесілі төлемді шартта көрсетілген банктен белгіленген шарттармен және мерзімде алады. 2) есеп айырысатын немесе ақшалы құжат. Ол - жөнелтілген тауар үшін тауарлы-көлік құжаттарын арнайы қалдырылған қаражат есебінен төлеу немесе аккредитивті ұсынушыға белгілі бір ақша сомасын беру жөнінде бір несие мекемесінің басқа бір мекемеге жүктейтін тапсырмасы.

Актив - есепке алу категориясы, оған нарық субъектісі мүлкінің құны, қарыздарды төлеуге арналған қаржы мен басы артық заттар қоры кіреді. Активтер материалдық негізі бар нақты заттар (жабдықтар, құрылыстар қарыз міндеттемелері және т.б.) болуы мүмкін. Активтер жыл ішінде (есепті кезеңде) ақшаға айналуына немесе айналмауына байланысты ағымдағы және тұрақты активтер' болып' та бөлінеді. Шаруашылық тәжірибесінде активтер және қарыздар балансы жасалады. қарыз есепті кезең ішінде өтелетін өтелмейтініне немесе сол кезеңнің шегінен шығуына байланысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Фирманың өз меншігіндегі мүлкінің құны қарызды шегеріп тастаған активке тең.

Активті (белсенді) нарық - үлкен көлемді мәмілемен жұмыс істейтін бағалы қағаздар нарығы. Ол тек брокерлердің табысын көбейтуге мүмкіндік жасап қана қоймай, сонымен қатар институционалдық инвесторларға бағалы қағаздардың нарықтық бағамын көтермей-ақ олардың көп мөлшерін сатып алуға (немесе сатуға) мүмкіндік туғызады.

«Белсенді» бағалы қағаздар - сатып алу-сатуға көп мөлшерде түсетін, бағасы жиі баспасөзде жарияланатын бағалы қағаздар.

Акцептант (трассат) - төлем уақыты келгенде аудармалы вексельге (траттаға) қол қойып және сонымен қатар вексель бойынша төлем міндетін өзіне алатын тұлға.

Акцияның бақылау пакетін иемденуші акционер(лер) компанияның жай акциясының 50 %-тен астамын иемденуші акционер (акционерлер тобы).

Акционер (акция ұстаушы) - эмитент - компанияның тиісті құқықтары үлестіріліп берілген жай немесе артықшылықты акция иесі

Акционерлік қоғам - ӨЗІНІҢ міндеттемесі бойынша тек өзіне тиесілі мүлікпен жауап беретін ұйымдық-құқықтық формадағы кәсіпорын. Бұндай қоғамда қоғамды иемденуші акционерлерді тіркейтін реестр жүргізіледі

Акционерлік капитал - компанияның жай және артықшылықты акцияларды эмиссиялау (шығару) арқылы құрылған капиталы.

Акция - өз иесіне дивиденд алу құқын, сонымен қатар, акционерлер жиналысында дауыс беру құқын беретін бағалы қағаз.

Атаулы акция - оның иесі, біріншіден, акцияда аты-жөні жазылған және екіншіден, акционерлер реестрінде тіркелген тұлға.

Кумулятивтік акция - артықшылықты бар акция, оның иесіне корпорация өзінің нашар қаржы жағдайына байланысты дивиденд төлей алмағандықтан бірнеше жылдан кейін жинап төлеуі мүмкін.

Ұсынушы акциясы-иесінің атыжөні көрсетілмеген акция. Кезкелген оны ұсынушы акционердің құқын пайдалана алады. Оны бір иемденуші екіншіге тіркеуден өткізбей-ақ бере алады. Акционерлік қоғамның акциялар тіркеу кітабында ұсынушыға арнап шығарылған акциялардың жалпы саны ғана көрсетіледі. Бұндай акциялардың кемшілігі - олардың ұрлаудан қорғалмауы.

Артықшылықты акциялар - егер компания жабылса оның капиталын қайтарғанда артықшылықты акциялар бойынша жай акцияларға қарағанда дивиденд алдымен төленеді, яғни дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша төленбесе, онда жай акциялар бойынша төленбейді.

Артықшылықты акциялардың кемшілігі - егер компанияның жұмысы табысты болса, онда жай акциялар бойынша дивиденд уақыт өткен сайын өсіп отырады, ал артықшылықты акциялар бойынша ондай өсу жоқ.

Артықшылықты өтімді акциялар - иесі белгілі бір мерзім ішінде жай акциялардың белгілі бір санына айырбастауға құқы бар артықшылықты акциялар.

Үстеме пайда табуға қатысу құқын беретін артықшылықты акциялар - иесіне кепілді дивидендтен бөлек қосымша дивидендтер алу құқын беретін артықшылықты акциялар.

Номинал бағасы бар акциялар - шығарылған кезінде сатылу бағасы оларда көрсетілген номинал бағадан төмен болмайтын акциялар, олардың сомасы түгелдей акционерлік капиталға қосылады.

Сатып алу міндеттемесі бар акциялар - артықшылықты акциялар, олар жөнінде корпорация белгілі бір мерзім өткен соң қайта сатып алу міндеттемесін белгілейді.

Еңбек ұжымының акциялары - кәсіпорынның өз қызметкерлері арасында ғана таратылатын және еңбек ұжымының мүшесі емес азаматтарға берілмейтін акция түрі. Акциялардың бұл түрін иемденушінің кәсіпорынды басқаруға қатысу құқы жоқ. Мазмұны жөнінен бұл бағалы қағаз облигацияға тең.

Аллонж - вексельге қосымша индоссамент жазу үшін (біреуден біреуге беру жазуы) жапсырылатын парақ.

Андеррайтер - жаңа шығарылған бағалы қағаздардың белгілі бір санын орналастыру жөнінде міндеттеме алған кепілші адам. Андеррайтердің жүргізген шаралары жиынтығын андеррайтинг деп атайды.

Төреші - қор биржасының мүшесі немесе лауазымды жақ, мәміле бөлмесінде биржа мүшелері арасындағы дауды шешуге төреші ретінде қатысушы.

Төрелік, төрелік мәміле - бағамдар айырмасынан пайда алу мақсатында әртүрлі нарықтан бір уақытта бірдей бағалы қағаздарды сатып алу және сату.

Төрелік, төрелік мәміле - бағамдар айырмасынан пайда алу мақсатында әртүрлі нарықтан бір уақытта бірдей бағалы қағаздарды сатып алу және сату. Акцияның бақылау пакетін иемденуші акционер(лер) компанияның жай акциясының 50 %-тен астамын иемденуші акционер (акционерлер тобы).

Банктік консорциум –бірлесіп несиелік операцияны жүргізуге және қарыз алушынының төлем қабілетсіздігін туындайтын шығынды азайту мақсатында уақытша біршама банктер арқылы ұйымдастырылған банктер тобы.

Банктік кепілхат-ақшалай формада орындалуға тиісті банк міндеттемесі.

Банктік қадағалау-банктік заңдылықтар орындалуын қамтамасыз ететін әр түрлі мемлекеттік органдардың қызметін сипаттайды.

Банк құжаттары- бухгалтердік есеп және бақылауды жүргізу үшін банктер пайдаланатын ақшалай және есеп айырысу құжаттарының жиынтығы.

Банктік дағдарыс-экономикалық тұрақсыздық нәтижесінде банк жүйесінің күйреуі.

Банк құқығы-банк қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Банкноталарды қолдан жасау-заңсыз пайда табу мақсатында банкноталардың түп нұсқасының бастапқы түрін өзгерту. Қолдан жасауға: үстіне жапсыру,сызу, сөзді немесе санды жазу т.с.с жатады.

Банктің ірі қатысушысы-бұл банктің басты акцияларының он немесе елу пайыздан астамын тікелей не жанама түрде иеленген, банктің қабылдаған шешімдеріне ықпал ету мүмкіндігі бар, ҚР резиденті саналатын жеке немесе заңды тұлға.

Банктің меншікті қаражаттары-банктің экономикалық дербестігін және қызмет ету тұрақтылығын қамтамасыз ететін әр түрлі қорлар(капиталдар) мен бөлінбеген пайдасы.

Банк ресурстары-бұл пассивтік операциялары негізінді қалыптасқан және барлық активтік операциялар бойынша банк өтімділігін қамтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған қаражаттарының жиынтығы.

Банктің меншікті капиталы-банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін құралған банктің әр түрлі қорлары мен сол сияқты ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы.

Банктік инвестиция- пайда табу мақсатында банктің ресурстарын орналастыруға бағытталған активті операциялардың жиынтығы.

Банктің инвестициялық саясаты- банк қызметінің тұрақты жұмыс жасауын, нәтижелігін немесе пайдалылығын, сондай-ақ өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында инвестициялар портфелін басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға бағытталатын шаралар жиынтығы.

Банктің филиялы-филиал туралы ережеде немесе лицензияда көрсетілетін банктік операцияларды жүзеге асыруға құқылы және өзінің дербес бухгалтерлік балансы бар, заңды тұлға болып табылмайтын банктік мекеме.

Банктік өкілдігі-банктік операцияларды жүзеге асырмайтын, яғни банктің тапсырмасымен және оның атынан әрекет ететін банктің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын банктің құрылымдық бөлімшесі.

Банктің инвестициялық қоржыны- банктердің пайда әкелетін бағалы қағаздарға салынған қаражаттарының жиынтығын білдіреді.

Банктің субординарлық қарызы-бастапқы қайтару мерзімі бес жылдан жоғары болып келетін, депозиттік міндеттеме болып табылмайтын, меншікті капиталға жататын қарызы.

Банктің брокерлік қызметі- клиенттің тапсырмасы бойынша және оның есебінен бағалы қағаздармен операциялар жүргізу.

Банктің дилерлік қызметі- банктің өзінің атынан және өзінің есебінен бағалы қағаздармен саудасаттық операцияларын жүзеге асыру.

Банктің бөлінбеген пайдасы-акциялар бойынша дивидентті төлегеннен және резервтік қорға аударғаннан кейін банктің иелігінде қалатын пайданың бөлігі.

Банкнота –орталық банктің кепілдігімен айналысқа шығарылатын ақша белгілері.

Банктік тарифтер-инкассация және вексельді өтегені, есеп айырысуларды жүзеге асырғаны, чектерді шығарғаны, несиелерді бергені және т.б үшін банктердің көрсететін қызметіне қосатын үстемдемелері.

Банктік аударым-1)халықаралық есеп айырысу нысаны; 2) банк клиентінің екінші бір тұлғаның есебіне белгілі бір қаражат сомасын аудару туралы тапсырмасы.

Банкомат-банктің карточка арқылы және ондағы сақталған қаражат көлемінде, оның иесіне қолма-қол ақшаны алуға мүмкіндік беретін автоматтандырылған құрылым.

«Банк-клиент» жүйесі –заңды немесе жеке тұлғаларға байланыс желісі арқылы қызмет көрсетуші банкке электрондық нысанда есеп айырысу құжаттары мен өзге ақпараттарды беруге мүмкіндік беретін бағдарламалы техникалық кешен.

Банктік менеджмент-алға қойған мақсақа жету немесе пайда табу мақсатында банк қызметін ұйымдастыруға бағытталған басқарушылық іс-әрекеттердің жүйесі.

Банкаралық несие нарығы-банктерге және банктік емес ұйымдарға қысқа мерзімді банкаралық депозиттер мен несиелер нысанында уақытша бос ақша қаражаттарды тартуға және орналастыруға арналған несие нарығының бір бөлігі.

БЭК-кеңесі –Фронт-офис қызметтің қолдай отырып, клиенттерге құжаттық қызмет көрсететін банк бөлімшесі.

Бенефициалар- тапсырмада көрсетілген қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалай аударымдарды алушы тұлға.

Бенефициер банк-келісімшартқа сәйкес қаражатты жөнелтушіден (төлеушіден) бенефициардың (жабдықтаушының) атына келіп түскен қаражатты қабылдаушы немесе қаражатты жөнелтушінің тапсырмасымен көрсетілген өзге де іс-әрекетті жүзеге асыратын банк.

Валюта-бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі, екіншіден шетел мемлекеттерінің ақша белгілері, үшіншіден халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы СДР, еуро.

Валюталық бағам-бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейтелейтін бағасы.

Валюталық реттеу-валюта айналысын басқаруға, валюталық операцияларға бақылау жасауға, ұлттық валютаның бағасына ықпал етуге, шетел валютасын пайдалануды шектеуге байланысты мемлекет органдарының қызметі ҚР-да валютаны реттеуді жүргізуге валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы ҚР заңын жетекшілікке алады.

Валюталық операциялар –шетел валютасының сауда-саттық жасау, шетел валютасын төлем құралы ретінде пайдалану, ұлттық валютаны сыртқы экономикалық қызметі жүзеге асыру барысында пайдалану, шетелден валютаны әкелу және шетелге шығару, валюталық құндылықтарды аударып жіберуімен байланысты операциялар.

Валюталау күні –ақшаны жөнелтушінің көрсетуімен төлем құжатында жазылатын бенефициардың ақшалай аударымды алатын күні.

Валюталық тепе-теңдік –бір валютаны екінші біріне айырбастау үшін қатаң, ресми түрде белгіленген қатынас.

Валюталық шектеу –резиденттер мен бейрезиденттердің, валюталар және басқа валюталық құндылықтармен жасалатын операцияларын заңды түрде немесе әкімшілік түрде тыйым салу.

Валюталық биржа –шетел валютасымен валюталық операцияларды жүзеге асыратын, сұраныс пен ұсыныс негізінде ұлттық валютаға қатысты шетел валюталарының ағымды бағамен белгілейтін ұғым.

Валюталық бақылау –валюталық операцияларды жүзеге асыру барысында валютан заңдарының орындалу қамтамасыз ету . Валюталық бақылаудың басты міндеті:жұмыс істейтін заңдылықтарға сәйкес валюталық операциялардың жүргізілуін және оларға деген лицензиялар мен рұқсат қағаздарының болуын анықтау.

Валюталық декларация- тасымалданатын валюта туралы мәліметтерден тұратын, кеден орнына ұсынылатын, өтініш түріндегі құжат.

Валюталық қоржын-ұлттық және аймақтық валюталардың бағамдарын анықтауға арналған шетел валюталарын котировкалауда пайдаланатын валюталар жиынтығы.

Валюталық бағамдау-заңды нормаларға және қалыптасқан тәжірибеге сәйкес шетел валюталарының бағамдарын белгілеу. Валюталық бағамдау тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей котировкалау бойынша, шетел валютасының бағамы ұлттық валютамен бейнеленеді. Ал, жанама котировкалауда ұлттық валютаның бағамы шетел валютасына қатысты бейнеленеді(мысалы 1АҚШ доллары=117,17 теңге)

Валюталық резервтер- халықаралық есеп айырысуларға арналған, орталық банктегі және қаржы ұйымдардағы немесе халықаралық қаржы-несиe ұйымдарындағы шетел валютасындағы қаражаттар.

Валюталық тәуекел –шетел валютасының бағамының өзгеруіне байланысты валюталық құндылықтармен операциялар жасау барысында туындайтын қауып.

Валюталық тәртіпті ырықтандыру-валюталық операциялар бойынша жасалатын валюталық шектеулерді алып тастау және валюталық нарық субъектілеріне еркіндік беру.

Вексель- белгілі бір срманы алдын ала келісілген мерзімде және белгіленген жерде төлейтіндігі туралы борышқордың қарыздық міндеттемесі.

Вексель дисконты-1) қызмет ету мерзімі аяқталғанға дейін вексельді номиналдан төменгі бағамен сатып алу.2) вексельдерді есепке алу барысында банктердің алатын есепке алу пайызы.

Вексель валютасы-вексель төлеуге берілетін валюта; халықаралық айналымда вексельге несие беруші елдің, борышқор елдің, сондай-ақ үшінші бір елдің валютасында вексельді төлеуге берілуі мүмкін.

Гэп-берілген уақыт аралығында пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал активтер мен пайыздық мөлшерлемелер өзгерісіне сезімтал пассивтер арасындағы айырма.

Домицилиант-вексельде көрсетілген төлемді жүзеге асыратын, вексельде делдал ретінде қатысатын банк.

Дебеттік карточка –карточкалық шот иесі банкоматтан қолма-қол ақша алуға және карточкамен қызмет көрсететін сауда үйлерінде, мейрамханаларында және т.б орындарда сатып алынған тауар мен қызметтері үшін есеп айрысуға мүмкіндік беретін төлем құралы.

Дебеттік(төлем)карточка –банкте арнайы карточкалық шотында қаражат бар, клиент пен банк арасындағы өзара келісімшартқа сәйкес шоттағы қаражатты пайдалануға, банкомат арқылы қолма-қол ақша алуға, содай-ақ тауарлар мен қызметтер үшін төлеуге арналған төлем құралы.

Биржаның жұмыс күні – бағалы қағаздар нарығының ашық күні.

Араластыру – қосымша акциялар шығарып , компания капиталындағы акционерлер үлесін азайту . Ол бар акционерлердің позициясын кемітіп , олардың компания активіндегі және пайдасындағы пропорционалдық үлесін азайтатады .

Жабық орналастыру – бағалы қағаздарды шектеулі инвесторларға және / немесе шектеулі көлемде сату .

Ашық орналастыру – бағалы қағаздарды шектеусіз түрде потенциалды инвесторлар арасында сату , онда шығарылған бағалы қағаздардың да жалпы құны шектелмейді .

Рұқсат етілген акционерлік капитал – осы акционерлік қоғамның шығаруға мүмкіншілігі бар акциялар саны . Акциянерлік қоғамның жарғысында көрсетіледі . Ол акциялардың саны , әдетте , нақты шығарылған акциялар санынан көп . Бұл акционерлік қоғамға ақша ресурстары қажет болған жағдайда қосымша акция эмиссиялауға мүмкіндік береді .

Рантье – қарызға берген ақша капиталынан немесе бағалы қағаздан түскен табыспен (процентпен) күн көретін жақ .

Алғашқы бөлу – бағалы қағаздарды алғашқы қор нарығында бірінші сату , басқаша айтқанда , құрылтайшылары мен компанияның бірінші акционерлеріне сату .

Екінші бөлу - бағалы қағаздарды алғашқы сатқан соң , оны екінші рет қайта сату . Екінші бөлу қор биржасында немесе биржадан тыс нарықта болады .

Жазылу шығыны – акцияның жаңа шығарылымына жазылу үшін компанияның қаржы мекемесін шақыруға жұмсаған шығыны . Жазылушы өтпей қалған акцияларды белгілі бір бағамен сатып алуға өзіне міндеттеме алады .

Есеп айырысу – бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісімін аяқтау үшін бағалы қағаздарды (сатушының) немесе қолма-қол ақшаны (сатып алушының) біріне бірі беруі .

Есеп айырысу (клирингтік) палатасы – қорды беру , жеткізіп беруді белгілеу арқылы мәміленің орындалуын қамтамасыз ету үшін қор биржасының құрған жүйесі , сонымен қатар , ол бүкіл міндеттемелердің орындалуының кепілі .

Есеп айырысу күні - жасасылған мәміле бойынша биржадағы есеп айырысудың соңғы күні .

Есеп айырысу мерзімі – келісім бойынша есеп айырысу басталған күн мен есеп айырысудың соңғы күнінің арасындағы мерзім (АҚШ-та қор биржаларының көп бөлігіндегі есеп айырысу мерзімі бес жұмыс күніне тең).

Өтімділік- екінші нарықта бағалы қағаздың оңай сатып алынуының немесе сатылуының көрсеткіші .

Реверс- кепілге берген вексельді қайта сатып алуға берген міндеттеме .

Акциялар тізімі – компанияның эмиссияларын , трансферттерін және айналыстан шығарылған акцияларын есептеп жазу .

Регресс- 1.Дамудың неғұрлым жоғары нысандарынан төменгісіне көшу , кері кету , нашар жағына қарай өзгеру ; 2. Бір адамның екіншіге төленген соманың , мысалы, вексель немесе чек бойынша төленген соманың орнын толтыру туралы кері талабы .

Кері талап- арызданушыға(кері талап бойынша іздеушіге) залал келтіргені үшін кінәлі адамға азаматтың немесе ұйымның кері талап қоюы. Кері талаптың мақсаты – заңның немесе шарттың бұзылуына кінәлі адамға залалды аудару .

Редукция – бағалы қағаздардың биржалық бағамының немесе биржалық бағаның құлдырауы .

Рейдер , агрессиялы инвестор - өзі басқару үшін компания акциясының бақылау пакетін алуды көздеген адам , соңымен бірге компанияның акциясын сатып , кейін оны одан да кем бағамен кері сатып алуды көздеген адам .

Рейтинг- бағалау , топқа , дәрежеге немесе категорияға жатқызу ; бағалы қағаздар рейтингі – тәуелсіз фирмалардың бағалы қағаздардың (сапасын) анықтау үшін салыстырмалы бағалау деңгейін белгілеуі .

Рекамбио- басқаша ретратта ; вексельді төлеген адамның вексель бойынша міндетті адамдардың біріне төленген соманы өзіне қайтару және инкассо бойынша қабылданған вексельге наразылық білдірілуіне байланысты процентті , өсім мен шығындарды төлеу жөнінде қоятын талабы .

Ремиз- маклер мен бағалы қағазды сатып алушы арасында далдал болған адамға биржалық маклердің төлейтін комиссиялық сыйақысы .

Ремитент- бірінші вексель ұстаушы , аудармалы вексель соның пайдасына жазылған жақ .

Рендит- бағалы қағаздардың табыстылығының салыстырмалы көрсеткіші . Акциялардың рендиті төленген дивидендтің акцияның ағымдағы курсына қатынасы ретінде есептеледі (процентпен) .

Репорт- мерзімдік мәміленің бір түрі , мұнда бағалы қағаздарды иемденуші оларды белгілі бір уақыттан кейін жаңа , неғұрлым жоғары бағамен (курспен) сатып алуға міндеттеніп банке сатады ; сату бағасы мен сатып алу бағасының арасындағы айырма да репорт деп аталады .

Ретрективтік бағалы қағаздар- эмитентке белгілі бір уақытта өтеу үшін белгілі бір жағдайда ұсынылуы мүмкін облигациялар мен артықшылықты (преференциялық) акциялар .

Қайта қорландыру , қайта қаржыландыру - айналыстағы облигацияны өтеу мақсатында шығарылған облигация .

Тәуекл – күрделі қаржы салымының қайтарылым деңгейінің өзгермелілігі (тұрақсыздығы). Егер тұрақсыздық деңгейі жоғары болса (дивидендтің , акция курсының және с.с. ауытқуы), соғұрлым тәуекел де жоғары болады .

Курс тәуекелі- валюталардың нарықтық құнының ауытқуынан туындайтын қауіп .

Қаржы тәуекелі – егер қарызға алған қаражаттың мөлшері ең көп мүмкін деңгейден асып кетсе , онда компания акционерлерінің дивиденд ала алмау қауіпі туады .

Нарық- тауар-ақша қатынастары мен экономикалық дербес шаруашылық субъектілерінің бәсекесіне негізделген ұдайы өндірістік қатынастардың қалыптасу және даму механизмі ; сатып алу-сату актілерінің жиынтығы , немесе тауардың ақшаға және керісінше ақшаның тауарға айналу процесі .

Белсенді нарық - өскелең және қалыптасқан үлкен көлемді келісімдермен жұмыс істейтін бағалы қағаздар нарығы .

Биржадан тыс нарық – бағалы қағаздарды қор биржасынан сыртта , яғни банктерде , инвестициялық компаниялармен делдалдық фирмаларда сату .

Екінші нарық- биржалық листингтен өтпеген бағалы қағаздарды қор биржасының мүшелері саудаға түсіретін нарық .

Ақша нарығы- өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі бағалы қағаздар нарығы . Бұл нарықтың негізгі тауары – үкіметтің қазынашылық билеттері (вексельдер) және басқа да қысқа мерзімді бағалы қағаздар .

Алғашқы нарық- тіркелген (бағаланған) қор бағалықтарымен жасалған мәмілені жүзеге асыратын қор биржасы . Бұндай сауданы , әдетте биржа мүшелері атқарады .

Ашық және еркін нарық – баға құрылуында өзінің көрінісін табатын сұраныс пен ұсыныс нарығы , оның бұл өзгешелігі , ал бақыланатын нарықта сұраныс , ұсыныс және баға бір нәрсемен (біреумен) реттелуі мүмкін .

Қарыз капиталының нарығы – несиеге берілген ақша капиталына мәміле жасалатын нарық .

Бұл нарықта капиталға түскен сұраныс пен ұсыныс жинақталады . Несие капиталының нарығы , негізінен , негізгі капитал қозғалысын қамтамасыз ететін ақша нарығын қамтиды . Ақша нарығы ипотека нарығы (қозғалмайтын мүлік нарығы) және қаржы нарығы (бағалы қағаздар нарығы) болып бөлінеді .

Үшінші нарық – қор биржасында листингтен өткен бағалы қағаздармен сада-саттық жасайтын биржадан тыс нарық , бірақ сауданы биржа емес адам жүргізеді .

Төртінші нарық – инсттуациялық инвесторлардың делдалсыз компьютерлік биржа арқылы бағалы қағаздармен мәміле жүргізетін бағалы қағаздар нарығы .

Бағалы қағаздар нарығы- бағалы қағаздарды сатып алу – сату және қаржының инвесторлардан эмитенттерге берілуі жүзеге асырылатын несие капиталы нарығының бөлігі .

Нарықтық инфрақұрылым – нарықтағы тауарлардың және қызмет көрсетудің еркін алмасуын қамтамасыз ететін мекемелер мен ұйымдар (банктер, биржалар, жәрмеңкелер, сақтандыру компаниялары, консультатциялық, ақпарат, маркетинг фирмалары және с.с.) жүйесі.

Нарықтық құн - ағымдағы мерзімде бағалы қағаздарды сатуға болатын баға.

Еуронарық – халықаралық ақша нарығы, онда еурооблиациялармен операция жүргізіліп, еуровалютамен несие беріледі.

Еурочектер – еуропалық «Еурочек» банк жүйесіне қатысушы елдердің кез-келгені төлеуге қабылдайтын чектер.

Сауда единицасы - өзара шарт жасауға қажетті бағалы қағаздардың стандартты ең аз мөлшері; келісімді 10, 20, 30 өзара шартқа жасауға болады, олардың әрқайсысында бағалы қағаздардың, тауарлардың және т.б. мөлшері қатаң түрде белгіленеді.

«Акцияға үйлену» - қолдағы акцияны сатудың көрініп тұрған тиімділігіне қарамай, оны көп уақыт бойы сақтап қою.

Женева конвенциясы (вексельдік және чектік) – төлем айналымында вексельдер мен чектерді қолданудың тәртібін белгілейтін көпжақты халықаралық шарттар.

Жирант – вексельдің сыртына өз қолын қойып беретін адам.

Жироесеп – елдердің банктері мен жинақ қассаларының соманы бір шоттан екіншісіне аудару жолымен жүзеге асыратын қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың бір түрі. Жироесеп термині сондай-ақ қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың бүкіл жүйесін білдіру үшін қолданылады.

Жирочектер – чек берушінің өз жироесепінен чек ұстаушының есебіне белгілі бір ақша сомасын аудару туралы банкке берген бұйрығы жазыған чектер.

Қарызға алу – бағалы қағаздар шығаруға, банктік немесе коммерциялық несие түрінде белгілі бір мерзімге қарызға ақша алу.

Аяқталу бағасы – биржаның бүгінгі жұмыс күнінің соңғы мәмілесіндегі бағалы қағаздардың сатып алу және сату бағасы.

Сыйақымен өтелетін қарыз – бағалы қағаздардың сатылуын қамтамасыз ету үшін брокердің бағалы қағаздарды екінші брокерге бергенде қосымша баға қосуы.

Бағалы қағаздарды сенім үшін салу – бағалы қағаздарды иемдену құқығын жоймай, оларды несиені өтеу үшін салу, неесе кепілдік шотындағы дебеттік қалдықты сақтандыру.

Биржаның жабылуы – бүгінгі жұмыс күнінде сауданың аяқталуы.

Жабық корпорация – акционерлерінің саны шектеулі және акцияларды еркін беруіне немесе сатуына шек қойылған акционерлік қоғам.

Жабық нарық – сатып алушының курсы (бағамы) сатушының курсына тең болатын нарық жағдайы.

Қор биржасының залы – акцияларды, облигацияларды және опциондарды сатуды ұйымдастыратын кеңістік.

Кепілдік – қарыздың өтелуін қамтамасыз ететін мүлік немесе басқа құндылықтар.

Шоттың тоқтатылуы – брокерлік фирмадағы клиенттің шоты, ол бойынша бағалы қағаздар сатып алмастан бұрын клиент бүкіл төлемдерін өтеуі міндетті, сонымен қатар бағалы қағаздарды сатпастан бұрын сертификаттарды шотқа қою қажет. Егер клиент маржа бойынша қажетті талаптарды орындамаса да шот тоқтатылады.

Күні бұрын салынған эмиссия – бағалы қағаздарды жаңадан шығарылғандары, оларды нарықта тарату купондық ставкасының мөлшері хабарланғанша аяқталады.

Дивидендті тартып алу – акция бойынша дивиденд алу мақсатында оның несие ретінде тіркелу үшін акция сатып алғанда жасалатын келісім. Дивиденд алу құқығы тіркелген бойда акцияны сатып жібереді.

Есепке алу – міндеттемелер мен талаптарды өзара орындау.

Қарама-қарсы талаптарлы есепке алу – екі немесе бірнеше заңды ұйымдар мен жеке адамдардың өзара төлем міндеттемелерін тең сома мөлшерінде өтелуі. Есепке алудың мақсаты - өзара қарызды қысқартып, есеп айырысуды жеделдету және төлем қаражатын үнемдеу.

Акцияларды қолдан жасалудан қорғау – банктерің, инвестициялық компаниялардың және брокерлік фирмалардың көмегімен қорғансыз бланктердің бір орталықта сақталуын және акциялар бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысуын ұйымдастыру. Акция бланкісін жоғары сапалы қағазбен және бояуды таңдап алу, бланкіге айрықша белгі, ерекше тор түсіру арқылы да қорғауға болады.

Кері қайтаруды қорғау – облигацияны шағару жөнінде шартта көрсетілген ескертпе, ол бойынша келісілген мерзім ішінде эмитентке облигацияны ұштастырудан кері сатып алуға тыйым салынады.

Портфельді қорғау варианты – бағалы қағаздар портфелі, оның құрылымы табыстың тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет. Ол, әлбетте, курсы аз құбылатын бағалы қағаздардан тұрады.

Қорғаныс ескертпе – келісімді орындау барысында оның бастапқы шарттарын түрлі қауіптерден қорғау үшін өзгертуді (қайта қарау) мүмкіндігін қарастыратын контракт немесе келісім.

Мәлімдеме – белгілі бір тауарды алуға, қызмет көрсетуге ниет білдіру. Әдетте жазбаша хатталып, мүдделі жақ сол мәлімдеменің орындалуын қамтамасыз қамтамасыз ететін жаққа береді.

Саудаға қатысуды мәлімдеу – фирманың саудаға қатысу ниетін білдіретін ресми арызы. Мұндай мәлімдемелер сауда-саттық өткізу үшін тапсырыс берушілер ұйымдастыратын тендер комитеттеріне жазбаша түрде жіберіледі. Ашық сауда-саттық өткізудің қазіргі тәжірибесінде өнім берушілер тарапынан саудаға қатысу ниеті әдетте олардың тендер комитеттерінен сауда-саттық шарттарын сатып алумен білдіріледі.

Алтын бейнелі бағалы қағаздар – ағылшын үкіметінің дәстүрлі түрде алтын жидекпен көмкерілген (әдептелетін) бағалы қағаздар.

Алтын аукционы – алтынды ашық саудада сату.

Алтын сертификаты – банкте алтынның депозитке салынғаны туралы күәлік.

Алтын фиксингі – Англия (Лондон) банкіндегі алтынға дилерлердің күніге екі рет тағайындайтын бағасы. Ол алтынға дүниежүзілік баға тағайындаудың негізі болды және алтынға байланысты ыбарлық шарттарда қолданылады.

Айналымнан шығару – эмитенттің бағалы қағаздарды қайта сатып алып, оларды айналымнан алуы.

Атаулы бағалы қағаз - бағалы қағазды иемденушінің аты-жөні көрсетіліп берілген сертификат. Бағалы қағаздарды иемденушіні (ұстаушыны) эмитент есепке алады.

Атаулы чек – белгілі бір адамның атына жазылатын чек, оның таратылуы шектеулі.

Атаулы акциялар – қозғалысқа акционерлік қоғамның акцияларды тіркеу кітабында көрсетілген акциялар. Атаулы акцияны ұстаушының аты немесе атауы сол акцияның бланкісінде көрсетіледі. Акционерлік қоғамның жарғысында осы қоғам шығаратын атаулы акциялардың қозғалысын реттеп отыратын қосымша ережелер болуы мүмкін.

Мүліктік дивиденд – эмитент-фирманың акционерлерге материалдық меншіктің бір бөлігі түрінде төлейтін дивиденді. Мысалы, фирма өзі шағаратын өнімді немесе басқа компанияның осы фирма иемденуіндегі акцияларды дивиденд ретінде төлеуі мүмкін.

Инвестициялар – күрделі қаржының алуан түрлері. Инвестиция мемлекеттік және жеке, тура және портфельдік, негізгі материалдар мен тауарлы-материалдық қорға, үйлер мен ғимараттарға, машиналар мен жабдықтарға, тұрғын үй құрылысы қызметтеріне жұмсалатын болып бөлінеді.

Инвестор - өз ақша қаражатын табыс әкелетін іс-шараларға немесе активтерді сатып алуға жұмсайтын салым иесі. Инвесторлар институционалдық және жеке болып бөлінеді.

Инвестициялық банк – ұзақ мерзімді несие капиталын жұмылдырып, оны қарыз алушыларға облигациялар немесе қарыз міндеттемелерінің басқа түрлерін шығару мен орналастыру арқылы берілетін арнаулы несие институттарының бір түрі.

Инвестициялық компания - өзінің бағалы қағаздарын (міндеттемелерін) шығару жолымен жеке инвесторлардың ақшасын шоғарландырып, оларды өз еліндегі сияқты шет (обязательств).

Жабық типті инвестициялық компания - өзінің құрылуы кезінде шығаратын акция саны қатаң белгіленген компания.

Ашық типті инвестициялық компания – акцияларлы ұдайы шығарып және оларды ашық нарықта белсенді түрде сататын компания.

Инвестициялық кеңес беруші – лицензияланған (рұқсат берілген) заңды (немесе жеке) тұлға. Ол бағалы қағаздарды шығару және айналысқа түсіру жөнінде кеңес беру қызметін жүзеге асырады.

Банктердің инвестициялық портфелі – банктің белсенді операциялар жүргізуі барысында сатып алған бағалы қағаздар жиынтығы.

Инвесторлық қор – компанияның басқа компаниялардың бағалы қағаздарына жұмсайтын капиталы. Инвестициялық қорлардың келесі категориялары кездеседі:

1. инвестордың үнемі жоғары дивиденд алуын көздеген инвестициялық қорлары.
2. инвестордың капиталын өсіруіне бағытталған инвестициялық қорлар.
3. инвестордың қаржысын сенімді орныластыруды көздеген инвестициялық қорлар.

Диверсификацияланған (эр алуандық, жан-жақты даму) инвесторлық қорлар – қоғамдық өндірістің әртүрлі салалары мен секторларындағы кәсіпорындардың жай акцияларын сатып алумен шұғылданатын қорлар.

Облигацияланған инвестициялық қорлар – қоғамдық өндірістің әртүрлі салалары мен секторларындағы эмитенттердің облигациялары мен сатып алумен шұғылданатын инвестициялық қорлар.

Баланстағы инвестициялық қорлар - әртүрлі үлгідегі бағалы қағаздарға негізделген қорлар. Бұл қорлардың шығарған бағалы қағаздарының курсы аз өзгерістерге дұшар болады.

Маманданған инвестициялық қорлар – бір сала немесе белгілі бір географиялық аймақ корпорацияларын жай акцияларын сатып алуға негізделген қорлар.

Хеджирлеу инвестициялық қоры – қор нарығында операциялармен, оның ішінде опциондар мен фьючерстерді белсенді шұғылданатын қорлар.

Индекс – белгілі бір экономикалық құбылыстың арақатынасын білдіретін салыстырмалы көрсеткіш. Оның көмегімен тиісті құбылыстардың бір уақыт аралығында, белгілі бір кеңістікте және жоспармен салыстырғанда өзгеруінің нәтижелеріне сандық-сапалық баға беріледі.

Доу-Джонсон индексі – АҚШ-тың ірі компаниялар тобы акцияларының Доу-Джонс фирмасы жариялайтын бағамен орташа көрсеткіші. Биржа жабылған кезде компаниялардың белгілі бір тобы күн сайын белгілейтін бағаның арифметикалық орташа мөлшері болып табылады. Бұл индекстің бірнеше түрі бар, атап айтқанда: барлық салалық құрама индекс болатын Доу-Джонс құрама индексі; Доу-Джонс өнеркәсіп индексі немесе 30 ірі өнеркәсіп компаниялары акциялары курсының өзгеруінің көрсеткіші; Доу-Джонс транспорт индексі немесе 20 транспорт компаниялары акцияларының бағамының өзгеруінің көрсеткіші және Доу-Джонс коммуналдық индекс немесе 15 газ және электрмен жабдықтау компаниялары акцияларының курсының өзгеруінің көрсеткіші.

Нью-Йорк қор биржасы индексі – осы биржада өз бағалы қағаздарын тіркеуден өткізген барлық корпорациялардың акция курсының қозғалысының нарықтың құн бойынша өлшенген көрсеткіші.

Уилшир 5000 индексі – американдық қор нарықтары бойынша жарияланған ең репрезентативті (қандай да болсын байқауларды сипаттау көрсеткіші) индекс. Ол бүкіл акциялардың құрамдас бөліктерінің нарықтық құны бойынша өлшеулі болып саналады және Нью-Йорк қор биржасы мен биржадан тыс - әртүрлі акциялардың 5000-ға жуық шығарылымының айнылымдағы барлық корпорациялар акцияларының құнын көрсетеді.

Биржалық индекстер – бағалы қағаздардың, дағдыдағыдай – акциялардың, орташа немесе орта өлшенген бағамының көрсеткіші. Әдетте бағалы қағаздардың қандай да болсын өкілдік жиынтығы бағамының өзгеруін бағалау үшін қолданылады.

Баға индексі – тауар бағасының орташа деңгейінің уақытқа немесе территориялық ауқымға байланысты салыстырмалы өзгеруін білдіретін көрсеткіш.

Индоссамент – басқа адамға табыстау жөніндегі жазу. Құжаттық сырт жағына жазылып, қол қойылады.

Индоссат – бағалы қағазға аудару белгісін қойған жақ.

Индоссант - бағалы қағазға аудару белгісі өз пайдасына жазылған жақ.

Есептеу құжатын индоссациялау – құжатқа меншік құқығын және ол бойынша төленетін тауарлы затты баалықтарды немесе ақша қаражатын басқаға беру әрекеті.

Шетел облигациясы – шетелдік борышқордың бағалы қағаз түрінде шығарған қарыз міндеттемесі. Бірақ, оның номиналы облигация сатылатын мемлекеттің валютасымен көрсетіледі.

Инсайдер – 1. өзінің фирмадағы жағдайын байланысты оның қаржы жағдайы, жұмысы көпшілікке беймәлім жоспары туралы құпия хабарды білетін адам. 2. осы фирмаға белгілі бір қатынасы бар лауазымды адамның туысы немесе басқа компанияның лауазымды адамы.

Институционалдық брокер – институционалдық инвесторлармен жасалған мәмілеге маманданған брокер.

Институционалдық инвестор – бағалы қағаздар нарығына көптеген ақша қаражатын салатын экономикалық құрылымдар (сақтандыру компаниялары, банктер, зейнетақы қорлары, кәсіподақтар, инвестициялық компаниялар, трестер және т.б.). Қысқа мерзімді бір атаулы қағаздың үлкен пакетін сатып алып, және сатып, соның әсерінен бағаның күрт ауытқуын тигізі қаржы нарығына зор әсер тигізеді.

Ипотекалық облигация – қарызды өтей алмаған жағдайда белгілі бір мүлікті ұстап қалуға құқық беретін ұзақ мерзімді қарыз міндеттемесі.

Өнім өткізу нарығын зерттеу – ресми статистика коммерциялық ақпарат жарнама проспектілері және басқа бәсекелік материалдар деректері көмегімен нарықтағы жағдайдың барлық жақтары туралы хабарларды үздіксіз өңдеу.

Қазынашылық акция – эмитент компанияның шығарған және одан кейін қайта сатып алған акциялары.

Қазынашылық эмиссия – айналымға қазынашылық билеттер мен мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару. Оны бюджет тапшылығын толтыру мақсатында қаржы мекемесі немесе басқа да мемлекеттік қаржы органдары жүзеге асырады.

Қазынашылық бондар - орта және ұзақ мерзімді мемлекеттік міндеттемелер түрі әдетте талап етушіге 5 жылдан 25 жылға дейінгі мерзімге шығарылады, нарықтық мемлекеттік бағалы болып табылады.

Қазынашылық ноталар – 1. қаржы министірлігі немесе арнаулы мемлекеттік қаржы органдары қазынашылық эмиссия ретінде шығаратын қағаз ақшаның түрі; 2. орта мерзімді мемлекеттік міндеттемелер түрінің бірі, алап етушіге шығарылады. Нарықтық мемлекеттік бағалы қағаздар түрінің бірі.

Қазынашылық міндеттемелер - өз иесі бюджетке ақша қосқанын кұәландыратын және қазынашылық міндеттемені иемденудің бүкіл мерзімі ішінде белгіленген табыс алу құқығын беретін мемлекеттік бағалы қағаз.

Қазынашылық вексель – мемлекеттің қысқа мерзімді міндеттемелерінің бір түрі, әдетте талап етушіге 3, 6 және 12 ай мерзімге шығарылады; проценттік купондары болмайды.

Қазынашылық – қаржы министірлігі немесе өзіне мемлекеттік бюджет жобасын әзірлеу мен оны атқару мемлекеттік қарызды басқару, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару міндеті жүктелген арнаулы мемлекеттік орган.